По словам заместителя руководителя департамента Агентства по противодействию коррупции Асхата Оразхан, Агентство по противодействию коррупции и национальный перевозчик решили принять меры по усовершенствованию системы продажи билетов. В настоящее время готовится к запуску пилотный проект.

– На сегодняшний день введена информационная программа, когда только один человек фиксируется в кассе как приобретатель билета, соответственно, им может воспользоваться только это лицо. Никто не имеет право взять билет без фамилии конкретного пассажира, – подчеркнул Асхат Оразхан.

*Светлана МОГАЙ, Караганда*

## ПЛАН ПЕРЕВЫПОЛНИЛИ

**В Восточно-Казахстанском отделении грузовых перевозок перевыполнили за десять месяцев текущего года Комплексный план по улучшению условий и безопасности труда.**

Выполнение плана составило 110%, в денежном выражении это свыше 17,4 миллиона тенге.

Комплексные мероприятия по улучшению условий и безопасности труда на 2019 год состоят из десяти мероприятий, рассказали в Восточно-Казахстанском отделении грузовых перевозок. В них входят ежегодные профилактические медицинские осмотры работников, испытание защитных средств, слесарных инструментов и диэлектрических перчаток, стирка и химчистка специальной одежды, повышение квалификации и обучение работников.

Для того чтобы укрепить здоровье и уменьшить уровень заболеваемости железнодорожников, на санаторно-курортное лечение направили 47 работников Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок, из них два пенсионера.

Обеспечение специальной одеждой, обувью и другими средствами индивидуальной защиты работников, в том числе тех, кто имеет стаж в должности менее одного года, согласно поданной заявке и срокам носки, составило 100%.

*Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск*

СҰХБАТ

# ТРАНЗИТ ТАСЫМАЛЫНДАҒЫ ҮЛЕСІМІЗ ЖОҒАРЫ



Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесі – Сырдың бойына Орынбор-Ташкент теміржолы пайдалануға берілген 1904 жылы іргесі қаланып, сонан бері түрлі құрылымдық өзгерістерден өтіп, компания бойынша әрдайым алдыңғы қатарда жұмыс жасап келе жатқан ғасырдан аса тарихы бар бөлімше. Тарихи мекендегі теміржолшылар тынысы жайлы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» филиалы Қызылорда ЖТ бөлімшесінің директоры, Құрметті теміржолшы, «Құрмет» орденінің иегері Аманкелді Арысбаевпен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

**– Аманкелді Қонысбайұлы, бөлімше теміржолшыларының мерейі еңбектегі көрсеткіштерімен бағаланатыны белгілі. Бұл бөлімше аралық өзара бәсекелестік пен жұмыс сапасын арттыруға бағытталған заңдылық екені белгілі. Ендеше, көрсеткіштерге көз жүгіртсек.**

– Жалпы үш тоқсан қорытындысында және қазан айындағы қорытынды көрсеткіштерде тасымал шаруашылығы бойынша пойыз және маневрлік жұмыстарда ақау орын алған жоқ. Алайда 3 адам басу оқиғасы тіркелді. Бұл бөгде жандардың теміржол бойына шығуына байланысты тепловоз машинистерінің оқыс тежегіш басуымен байланысты. Дегенмен, жедел тежегіш басу оқиғаларын болдырмау мақсатында тұрақты жұмыстар жүргізіліп, түрлі рейдтер ұйымдастырылуда. Темір жол бойына жақын маңдағы тұрғындармен, білім ошақтарында кездесулер өтіп, теміржолдың аса қауіпті аймақ екендігін түсіндіру жұмыстары да үнемі жүргізілуде.

Соңғы бірнеше жылдан бері сала бойынша алдыңғы қатарда келе жатқан қызылордалық теміржолшылар биылғы жылды да жақсы көрсеткіштермен тәмамдауды жоспарлап отыр. Жылдың он айлық қорытындысы бойынша бұрынғы жетістіктерін жалғастырып, 9615,0 т.км.нетто жүк тасымалдау межесін 9716,1 т.км.нетто көлеміне жеткізген бөлімше теміржолшылары жоспарды 101,1 пайызға орындап отыр. Жүк жөнелту жұмыстарында тәулігіне 74 вагонға жүк тиеліп, күніне148 вагоннан 4693,5 тонна жүк түсірілген.

Жүк тиелген вагондардың 50,25 тоннаға жоспарланған динамикалық жүктемесі 50,69 тн жетіп, жоспар 100,9 пайызға орындалған. Вагондардың 62,99 тоннаға есептелген статистикалық жүктемесі нәтижесі 63,55 тоннаға жетіп, меже 100,9 пайызды құраған, 1291 вагонға белгіленген вагон жұмыс паркі 1248 вагонға азайып, көрсеткіш 103,4 пайызға жеткен. Жүк вагондарының 1,27 тәулікке белгіленген айналымы 1,24 тәулікке жетіп, көрсеткіш 102,4 пайызға орындалған. Жүк вагондарының тәуліктік өндірісінің орташа көрсеткіші 17425,0 тн.км.бруттоға межеленген жоспары 17348,5 тн.км.бруттоға жетіп, меже 99,2 пайызға жеткен, бір операция кезіндегі вагонның тұруы 8,96 сағатқа белгіленсе, ол көрсеткіш 8,57 сағатқа кеміп, меже 104,6 пайызға көтерілген. Учаскелік жылдамдықтың орташа тәуліктік көрсеткіш межесі 48,00 км/сағ деп белгіленсе, бұл 48,94 км/сағатты құрап, 102,0 пайызға жетті. 52,19 км/сағат болып межеленген техникалық жылдамдық 52,98 км/сағатқа кеміп, 101,5 пайызға орындалды.

**– Бұл әрине, бөлімшеге қарасты мекемелердің өнімді жұмыс жасағанын көрсететіні анық. Жалпы Қызылорда бөлімшесінің аты қашан да алдыңғы лекте аталатыны аймақ теміржолшыларының мерейі десек жарасады.**

– Рас, біздің бөлімше салалық жарыстарда үнемі алдыңғы қатарда және барлық қоғамдық-көпшілік жұмыстарда шет қалмайтын белсенділігімен ерекшеленеді. Компания басшылығының біздерге жүктеген тапсырмаларын биылғы жылы да мүмкіндігінше қажетті деңгейде орындап, жылдағы дәстүрмен алдыңғы қатардан орын аламыз деген ойдамыз. Өткен жылдардың қорытындысына қысқаша шолу жасасақ, өңірдегі бірнеше мекеменің өз саласы бойынша жүлдегер атанғанын мақтанышпен айтуға болады. Мәселен, Қызылорда локомотив пайдалану, Қазалы вагон пайдалану деполары мен Жолаушылар вагондарын жөндеу деполары, Қызылорда ЖТ бөлімшесі алдыңғы қатардан көрініп жүр.



Атқарылған жұмыс деңгейіне орай аймақтағы станциялардың да санат мәртебесі өсті. Сонымен бірге Қызылорда магистральдық желі бөлім-шесінде де ауыз толтырып айтатын жақсы жаңалықтар бар, мәселен, аймақтар арасындағы жарыстарда оқ бойы озып шыққан Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі, Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясы, Қызылорда қалпына келтіру пойызы мен Қызылорда өрт сөндіру пойызы ұжымдары әр жылдары жүлделі орындарды иеленіп, аймақ мерейін өсіруде. Осының бәрі қызылордалық теміржолшылардың әрқайсысының аймақ теміржолын дамытуға қосқан үлесі болып саналады.

**– Қазіргі таңда халықаралық бағыттағы контейнерлік пойыздар тасымалы өзекті болып отыр. Аймақ бойынша бұл пойыздар қалай жүргізілуде?**

– Біздің бөлімше арқылы өткізілетін халықаралық бағыттағы контейнерлік пойыздардың жүріс өнімділігін арттыруға «ҚТЖ» компаниясы басшылығы айрықша мән беріп отыр. Жасалған жұмыстардың нәтижесінде контейнерлік пойыздардың техникалық және технологиялық операцияларды орындау үшін аялдау ұзақтығының нормативтері бекітілген. Осыған орай контейнерлік пойыздардың жүрісі реттеліп, олардың он ай ішіндегі 1150 км/тәуліктікке бекітілген маршруттық жылдамдығы 1168,25 км/тәулікке көтеріліп, жоспар 101,6 пайызға жетті. Ал қараша айында халықаралық контейнерлік пойыздардың маршрутты жылдамдығы тәулігіне жылдамдату жұмыстарының мүмкіндігі бөлімше бойынша қарастырылуда. Жалпы транзит тасымалындағы біздің бөлімшенің үлесі жоғары. Үстіміздегі жылдың он айында бөлімшенің жаңа телімі Қоскөл-Сексеуіл, Сексеуіл-Қоскөл жұп және тақ жолымен 164 контейнерлік пойыз, Түркістан-Сексеуіл, Сексеуіл-Түркістан бағыттарымен 689 контейнерлік пойыздың кідіріссіз өткізілуін реттеп, олардың учаскелік жылдамдығының артуына мүмкіндік жасаған шұғыл басқару бөлімі мамандарына алғыс айтуға лайық.

**– Аймақтың бас теміржолшысы, әлеуметтің сенімді өкілі қызметін атқара жүріп облыс экономикасының өркендеуіне де үлес қосып келесіз. Партияның «Теміржол» филиалының төрағасы ретінде жүргізілген жұмыстарға қысқаша тоқталып өтсеңіз.**

– Сайлаушылардың талап-тілегін тыңдау – депутаттық міндет. Салалық жұмыс тәртібіне орай қоғамдық жұмыстарға да уақыт тауып атқарып келемін. Әр айдың белгіленген күндері сайлаушылармен кездесіп, олардың арыз-шағымдарын тыңдап, оның тиісті деңгейде орындалуына ықпал жасауға күш саламын. Ал филиал жұмысының нәтижесі жақсы, облыс көлемінде өткізілетін барлық партиялық іс-шаралардан теміржолшыларымыз жүлдесіз оралған емес. Мысалы, 2015-2018 жылдар аралығында облыстық, тіпті республикалық байқауларда 4 жыл қатарынан 1-ші және 2-ші, 3-орындарды иемденген біздің теміржолшылар ұйымы болды. Күні кеше 252 ұжымның арасында өткізілген облыстық байқауда тағы да теміржолшылар мерейі үстем болды. Марапатқа ие болған ұжымдар «Үздік бастауыш партия ұйымы» республикалық байқауының екінші кезеңіне сәйкес II санат бойынша 1-орынға Қызылорда «Теміржол» партия филиалының «Вокзал-сервис» БПҰ ие болса, II санат бойынша 3-орынды «Жол дистанциясы» БПҰ жеңіп алды. «Вокзал-Сервис» бастауыш партия ұйымы Нұр-Сұлтан қаласында өтетін байқауға жолдама алды. Бұл біздің сыр бойы теміржолшыларының еңбекте алда, қоғамдық-саяси сауатты және белсенді екенін де білдіреді. Қай жағынан да аймақ теміржолшыларының үлесі жоғары.

**– Рахмет, бөлімше жұмысына сәттілік тілейміз!**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,** *Қызылорда*

*Суреттерді түсірген Өмірбай ТҮМЕНБАЙ*

ТЕХНОЛОГИЯ



# БАЙЛАНЫС САЛАСЫНЫҢ БАСЫМДЫ БАҒЫТЫ

Аягөздегі ШЧ-30 мекемесінің теміржолшылары ағымдағы жылға жоспарланған шараларды межелі мерзімнен бұрын аяқтады. Нәтижесінде Ақтоғай станциясынан бастап, Аягөз-Жарма-Шар телімдері аралығында жаңартылған қондырғылар қолданысқа беріліп, электромеханиктер еңбегі жеңілдей түскен.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Соның арқасында Айдос Жұлдызбаев жетекшілік ететін белгі беру және байланыс дистанциясында жаңа технологиялардың қолданылу аясы тіптен кеңейе түсті. Дистанция бойынша орын алған соңғы жаңалық – ағымдағы жылға жасалынған кешенді жоспардың 100 пайыз орындалуы болып отыр. Оның ішінде желі бойындағы байланыс құрылғыларын монтаждау жұмыстарына айрықша басымдық берілген болатын. Мәселен, келіп түскен 8 бағдаршам мен жалпы көлемі 3,7 км құрайтын кабель желісі және 150 бірлік аккумуляторлар толықтай ауыстырылып, талапқа сай етілді. Техникалық құрылғыларды жаңалау мақсатында жүргізілген жұмыстар алғашқы қар түскенге дейін толық аяқталды. Мұнымен қоса, Ақтоғай, Аягөз және Шар станцияларында заманауи сандық қондырғылармен бірге МС-04DSL мультиплексорлары да жаңадан орнатылған.

Сол тәрізді осы жұмыстардың сыртында инженерлік-техникалық іс-шаралар да өз мәнінде жүзеге асырылған болатын. Толаскездер аясында релелік шкафтар мен жарықдиодты модульдердегі линзалық жиынтықтар ауыстырылды. Әсіресе, СЦБ-С бойынша муфталардың жаңартылуы желі бойындағы жұмысты біршама жеңілдеткен. Осылайша дистанцияға қарасты 350 шақырымдық телім бойы биыл толықтай жаңарып, соны қызметтік сатыға көтерілді.

Кешенді шаралар аясында жүргізілген жаңарту жұмыстарының тиімділігі мол екеніне аягөздік байланысшылар айқын көз жеткізуде. Себебі, Тальго пойызы жүргенге дейін дистанцияда өткен ғасырдың орта шенінде шығарылған құрылғылар пайдаланылған болатын. Тіпті, Түрксіб дәуірінен келе жатқан нысандар мен құралдардың, әуе желілерінің жауын-шашын мен боранды күндері тиімсіздігі байқалатын. Ал осыған дейін Ақтоғайдан Шар станциялары аралығына орнатылған оптикалық-талшықты кабельдер және МС-04 PCL сандық құрылғыларын қолдану жұмыстың жүйелі жүргізілуіне оң жағдай жасады.

– Бүгінгі күні Семей магистральдық желі бөлімшесінде байланыс және белгі беру саласында ЭЦ құрылғылары мен аспаптарын ескірген ғимараттардан заманауи жаңа модульдерге ауыстыру ісі де сәтімен жүзеге асырылуда. Қазіргі күні әр станцияда мұндай 4 нысан жұмыс істеп тұр. Сол тәрізді қумажолдар бойындағы КТСМ қосындарын жаңа модульдерге ауыстыру ісі де орын алып, бүгінде 6 нысан қызмет көрсетуде. Бұл жаңашыл жетістіктер ішінде аягөздік байланысшылардың да қомақты үлесі бар, – дейді Аягөз белгі беру және байланыс дистанциясының жетекші инженері Алтай Қабылбаев.

Теміржолшылар әсіресе тұрғын үйлерден бөлек тұратын жаңа модульдерге зор қуаныш білдіруде. Бұл шараның нәтижесінде өрт қауіпсіздігі біршама сейілді. Қазіргі күні Таңсық пен Үшбиік станцияларындағы қумажолдардағы қозғалысты реттейтін модульдер де жаңартылған.

Бүгінгі күні ШЧ-30 мамандары орталықтан жіберілген жеделхаттардағы нұсқаулықтарды орындау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Басты талап – желі бойындағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ал оның аясында алдағы жылға дәл биылғыдай кешенді жоспар қажет. Осы ретте желі бойындағы барлық аға механиктерден қажетті құрылғылар мен жаңарту мақсатындағы материалдардың, жабдықтардың тізімі жасалынып, қажетті қаражаттың көлемі есептелуде. Осынау қажеттіліктердің барлығы арнайы сараптамадан өткен соң басшылық қарауына жіберілетін болады. Мұндағы басты мақсат қауіпсіздік шараларын күшейтуден бөлек теміржолшылар үшін қажетті жұмыс орнын жабдықтау, қолайлы еңбек ортасын қалыптастыру үшін де керек.

*Суреті түсірген автор*

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

# ШАҒЫН БОЛСА ДА ШАРУАСЫ ШИРАҚ

Тараз қаласының іргесіндегі төртінші класты Үшбұлақ станциясының жұмысы қай кезде де қайнап жатады. Шағын ұжымның тірлігі де тындырымды. Қысқы маусымға дайындығы жоғары болғандықтан, күні кеше станцияны бір күнде басып тастаған қалың қар да жұмысқа еш кедергі келтірген жоқ.



**Әсел ЖАЙНАҚОВА,**
*Жамбыл*

Үшбұлақ станциясының жұмысын ілгерілетіп отырған он бестен аса теміржолшының бесеуі қозғалысқа жауапты болса, алтауы – жолшылар, төртеуі – белгі беру-байланыс электрмеханиктері. «Толыққанды режимде жұмыс істейтін станция шағын болса да жолаушылар пойызын да, жүк пойыздарын да кідіріссіз өткізеді. Алты жолда мұнай өнімдері, сервистік базаның жолына цемент түсіріледі. Ол цементтерден өндірілетін кірпіштер өңірдің құрылыс материалына деген сұранысының ауқымды бөлігін жауып отыр деуге болады», – дейді станция бастығы Ердәулет Төлеков.

Станция бастығының айтуынша, еліміздегі ірі мұнай компанияларының қатарындағы «ҚазМұнайГаз» серіктестерінің бірі «Петроритель» де Үшбұлақ станциясымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Жамбыл облысында үлкен көлемде көгілдір отын жөнелтумен айналысатын «Мұхиев» жеке кәсіпкерлігінің өнімдері де осы мекеменің аумағында түсіріледі. «Салижан», «Арай-2006» жеке кәсіпкерліктеріне және әскери бөлімшелерді қажетті отынмен қамтамасыз ететін «Мұнай БК» компаниясына осы станция қызмет етеді.

Бір айта кетерлігі, шағын ғана ұжымның жетпіс пайызы жастардан құралған. Жас теміржолшы Данияр Үзембаев жол дистанциясының желілік құрылымында жұмыс істейді. «Өзімнің ел игілігі үшін жұмыс істеп жүргенімді әркез сезінемін. Өйткені, теміржол арқылы мемлекеттің қазынасы толығатын болса, екіншіден, қаншама жолаушы және жүк пойыздары тасымалданады, діттеген жеріне жетеді. Осындай ауқымды миссияға тамшыдай болса да үлесімді қосып жүргенімді мақтан тұтамын. Мамандығымызды



теориялық тұрғыдан меңгеріп келсек те, өндірістік тәжірибеге келгенде сауатымыздың кемшін соққанын жасырмаймыз. Алайда Үшбұлақ станциясында бұрыннан қызмет ететін аға мамандар бізге білмегенімізді үйретті, нағыз теміржолшы болуға баулыды», – деген жас жігіт ұжымның ардагерлеріне алғысын білдірді.

Айтпақшы, күзгі байқау кезінде Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің басшысы Берік Ақшалов жастар ұжымын арнайы грамотамен марапаттапты. Онда өңірдегі бас теміржолшы Үшбұлақ станциясының шаруашылықты қысқы маусымға тыңғылықты дайындағанына ризашылығын жеткізген. «Мамандардың маусымдық керек-жарақтары, киімдері, аяқ киімдері, қолғаптары уақытымен үлестіріледі. «Қазақстан темір жолы» компаниясы жұмысшылардың барлық жағдайын жасап қойған деп айтуға негіз бар. Алайда, біздегі қызметкерлердің дені жастар дедік қой. Олардың көпшілігі баспана мәселесімен бетпе-бет келіп отырғаны жасырын емес. Егер компания осы жағынан қол ұшын созып, жастар бағдарламасын іске қосса, нұр үстіне нұр болар еді», – дейді Ердәулет Мырзаханұлы.

Үшбұлақ станциясы Тараз станциясынан қашықта емес екенін жоғарыда айттық. Сондықтан ол станция арқылы «Тұлпар-Тальго» жүрдек пойызымен қатар, Қазақстаннан Ресей Федерациясына, Қырғыз еліне, Өзбекстанға қатынайтын халықаралық пойыздар да өтеді. Сонымен қатар ай сайын әрқайсысы 60 тонналық 208 вагон ашық мұнай өнімдерін қабылдап алады. Сондай-ақ отыз күндікте осындағы кірпіш зауытына 70 тонналық 4 вагон цемент түседі екен, оған бір вагон көмір қосылады. Соңғысы осы аумақты қысқы маусымда жылумен қамтуға жұмсалады. Қысқасы, шағын болса да шаруасы үлкен бекет жастарының тау қопаратын мүмкіндігі бар.

*Суреттерді түсірген автор*

ИНТЕРВЬЮ

# ҚТЖ: ПРАВИЛА И ВОЗМОЖНОСТИ ДОСРОЧНОГО ВЫХОДА НА ПЕНСИЮ

В АО «НК «ҚТЖ» ввели новую Программу досрочного выхода на пенсию. Об условиях и возможностях программы рассказала управляющий директор по HR (директор по управлению персоналом) АО «НК «ҚТЖ» Тамила Микулич.

**– Тамила Борисовна, кто из работников ҚТЖ может выйти на пенсию заранее с выплатой компенсации?**

– В ҚТЖ принята Программа добровольного раннего выхода на пенсию. Это значит, что работники компании, которым до достижения пенсионного возраста осталось до 5 лет, смогут досрочно расторгнуть трудовые договора по соглашению сторон и получать компенсацию до достижения пенсионного возраста. Участвовать в программе можно по собственному желанию, но при условии, что текущая должность работника или аналогичная по уровню оплаты труда должность будет сокращена.

**– Для чего принята данная программа?**

– АО «НК «ҚТЖ» сейчас очень активно внедряет новые подходы и технологии. К примеру, мобильный диагностический комплекс (МДК) пришел на смену работы операторов дефектоскопных тележек, которых в компании более 1200 человек. Операторам под силу ежедневно проходить с тележками путь только в 7 километров. А вагоны МДК, которые обеспечивают диагностику пути высокого качества, проходят до 400 километров в день. Имея шесть таких комплексов, мы можем диагностировать всю протяженность магистрали страны дважды за один месяц.

Таким образом, только до конца текущего года перед нами стояла задача оптимизировать работу более 130 операторов дефектоскопных тележек. Из них 89 человек мы трудоустроили на другие вакансии. Это те работники, которые хотят и дальше работать в компании, готовы переобучиться и занять другие должности. Большинство работников мы трудоустроили на позицию монтера пути. При этом, работа монтера пути – это тяжелый физический труд, достаточно сложный для людей предпенсионного возраста. Поэтому для тех работников, которые готовы по своему желанию уйти из компании, была предложена Программа раннего выхода на пенсию. Согласно которой, если работник соответствует всем критериям, комиссия принимает положительное решение, и человек может уйти, получая при этом гарантированные выплаты.

Помимо операторов дефектоскопных тележек аналогичная работа была проведена с работниками почтовой корреспонденции, водителями автотранспорта и другими.

**– На какую компенсацию может рассчитывать работник?**

– Компенсация включает в себя разовую выплату при расторжении трудового договора в размере от одного до четырех должностных окладов в зависимости от стажа работы в отрасли. А также пособие, размер которого рассчитывается по формуле в зависимости от стажа работы, текущего оклада и оставшегося периода до достижения пенсионного возраста. Размер пособия не должен быть менее 70 тысяч тенге и более 200 тысяч. Мы делали примерный расчет для человека с окладом в 130 тысяч тенге. Сумма ежемесячного вознаграждения при условии, что у работника 10 лет стажа работы в ҚТЖ и до пенсии осталось 5 лет, будет составлять около 102 тысяч тенге. Это сумма до налогообложения, на руки он будет получать меньше.

**– Сможет ли работник, воспользовавшийся Программой добровольного раннего выхода на пенсию, трудоустроиться в другом месте?**



– У нас есть обязательное условие, которое прописано в программе – должность сокращается, и человек не имеет права еще раз трудоустраиваться в группу компаний ҚТЖ. Но за пределами ҚТЖ он имеет право работать где хочет и кем угодно, получая при этом выплаты от компании.

**– Сколько всего работников ҚТЖ могут воспользоваться данной программой? И кого касается программа: работников с линии или центрального аппарата?**

– Поскольку волеизъявление об участии в программе исходит от самих работников, сложно предсказать точную цифру. Но уже сейчас мы видим большой интерес к программе. Только в ближайшие 5 лет количество предпенсионников у нас по группе компаний достигнет 20 тысяч человек.

При этом, ҚТЖ – социально ориентированная компания, и мы предпринимаем все меры для того, чтобы при добровольном выходе на пенсию человеку было на что жить. Если у него есть большое желание оставаться в компании, то мы делаем все, чтобы трудоустроить его на другую должность. Мы проводим курсы переподготовки, даем возможность получить другую профессию. Каждому работнику предпенсионного возраста мы предлагаем как минимум три варианта решения вопроса – воспользоваться Программой добровольного раннего выхода на пенсию, переподготовку либо высвобождение с выплатой компенсации.

А по поводу того, кого касается эта программа, то она предлагается всем и не зависит от того, работник с линии это либо работник центрального аппарата. Единственное, от чего зависит предложение, сокращается ли ваша должность или нет.

**– Когда работники, воспользовавшиеся программой, начнут получать гарантированные выплаты?**

– С января 2020 года. Сразу хочу отметить еще один нюанс. Некоторые работники хотят получить всю сумму разом, не растягивая на 5 лет. Но для ҚТЖ это большие риски, потому что человек может получить деньги, потратить их сразу и остаться без дохода. Поэтому мы хотим максимально оградить наших работников от таких сложных ситуаций в будущем и предусмотрели в правилах, что даже если компания будет идти на одноразовые выплаты, то только в самых исключительных случаях и только под целевое использование. Комиссия будет принимать решение только по целевому использованию средств, например, на лечение или покупку жилья.

**– Смогут ли участники Программы добровольного раннего выхода на пенсию рассчитывать на льготы, которые есть у пенсионеров ҚТЖ?**

– Конечно. Ведь если работник предпенсионного возраста становится участником Программы раннего выхода на пенсию, то становится на учет как пенсионер ҚТЖ и сможет пользоваться льготами, которые компания предоставляет своим пенсионерам.

**– Благодарю за очень интересную беседу!**

*Беседовала Асель ШАЙХЫНОВА*

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

ТВОИ ЛЮДИ, МАГИСТРАЛЬ!

# ПРИМЕР ДОСТОЙНОГО ПУТИ

Люди, всю свою жизнь посвятившие одному предприятию, ставшие частью его истории, всегда на особом счету. За 35 лет добросовестного труда на родной станции Целиноград Тамара Мицута отмечена многими наградами, в том числе высшей на железнодорожном транспорте – знаком «Почетный железнодорожник».

**Любовь РОВБА**

За ее плечами целая эпоха – Великая Отечественная война, строительство новых линий, модернизация локомотивного и вагонного хозяйства, коренное техническое перевооружение стальных магистралей, распад СССР и реорганизация Казахской железной дороги. Но уже с первых минут знакомства с Тамарой Константиновной понимаешь, что возраст – лишь цифры в паспорте. Энергичная, излучающая оптимизм и жизнелюбие, с искрой юного задора в глазах и грациозными движениями, она легко даст фору многим молодым.

Судьба подготовила Тамаре Мицута немало испытаний. В раннем детстве она потеряла отца, который был призван на фронт в мае 1942 года, а уже в августе погиб под Ленинградом. Мама очень тяжело переживала утрату. Она осталась одна с тремя детьми. Старшей Тамаре на тот момент исполнилось всего 5 лет. На ее плечи легли заботы о сестрах и ведение хозяйства.

– Собрав волю в кулак, ради нашего образования и будущего мама перебралась в город. Сначала мы поселились в маленькой комнатке на квартире у местных жителей, потом горсобез выдал нам барак, – вспоминает Тамара Константиновна. – Несмотря на все трудности, мама старалась дать своим девочкам все самое лучшее. Она заказывала нам одежду в мастерской, получив зарплату, всегда хотела чем-то порадовать, особое внимание уделяла нашему обучению. В итоге все мы получили хорошее образование.

– Мама всю свою жизнь посвятила нам. После выхода на пенсию сидела с нашими детьми, чтобы мы спокойно работали. Мы всегда ощущали ее поддержку, – говорит Тамара Константиновна.

Закаленный с детства характер, обостренное чувство ответственности и тяга к знаниям позволили Тамаре Мицута добиться больших успехов в работе. На железную дорогу она попала совершенно случайно. Когда пришло время определяться с профессией, обошла с подружками несколько учебных заведений города, пока не остановила свой выбор на железнодорожном техникуме.

– Он располагался напротив нашего барака, и я выбрала его, скорее, из-за удобства. О стальной магистрали я абсолютно ничего не знала. Стала первым железнодорожником в семье. Потом по моим стопам пошла одна из сестер, – признаeasy Тамара Константиновна.

Учеба по специальности «организация движения поездов» старательной девушке давалась легко. Сильный преподавательский состав не только делился со студентами знаниями, но и сумел зародить в них любовь к отрасли. На практику



Тамара Мицута отправилась в Омск.

– Там я впервые увидела электрифицированную линию, автоматический перевод стрелок, все это так меня поразило и увлекло, что я с утра и до позднего вечера наблюдала за работниками станции. Порой они смеялись: «Сходила бы лучше в кино!», а мне перевозочный процесс казался интереснее кино, – вспоминает железнодорожница.

По окончании техникума в 1957 году устроилась на станцию Акмолинск (позже – Целиноград) списчицей вагонов. Вскоре старательную работницу заметили и перевели в техконтору. Сначала младшим техконторщиком, а потом – старшим.

В 1962 году ее назначили дежурным по горке. Молодая железнодорожница отлично справлялась с расформированием составов с горки и пользовалась уважением коллег и руководства. С 1963-го по 1966-й Тамара Константиновна была дежурным по парку. А затем накопленный опыт и знания пригодились уже на должности дежурного по станции ЭЦ-2. Половина станции – на пульте дежурного.

– Через год меня назначили подменным станционным диспетчером. В сентябре я заступила на смену, и башмачники, стрелочники, бывшие у меня в подчинении, отнеслись к этому немного скептически: такая молодая девушка – и станционный диспетчер. Зато потом, когда наша смена по итогам месяца получила первое место и самую большую зарплату, они меня зауважали. С наступлением холодов я вернулась на ЭЦ-2.

В своей работе Тамара Константиновна всегда руководствовалась инструкциями и правилами.

– Я очень серьезно относилась к своим обязанностям и никогда не самовольничала, ничего не придумывала и не добавляла, – рассказывает она. – По итогам работы наша смена всегда попадала в число лучших.

В 1969 году ее назначили старшим помощником начальника станции, а еще через три года – узловым диспетчером отделения дороги. Начальник отделения однажды признался, что когда Тамара Мицута на дежурстве, он спит спокойно.

В 1973 году железнодорожницу попросили помочь навести порядок в техконторе, назначив ее начальником. Она сразу предупредила, что потом вернется в движение. Так и сделала спустя три года.

Однажды по пути на работу Тамара Мицута увидела свое фото на городской Доске почета – прямо на площади у железнодорожной станции.

– Я так смутилась, что с этого дня стала ходить на работу по другой дороге, – улыбается она.

Природная скромность не позволяла ей по-настоящему гордиться собой. Ее отличали требовательность к себе и добродушное и равное отношение ко всем коллегам. Она уверена, что железная дорога сама подбирает себе кадры. Человек невнимательный, ленивый и безответственный здесь никогда не задержится, отрасль не прощает ошибок.

– Я никогда не раздражалась, когда к нам приходили практиканты или молодые работники, всегда относилась к их неопытности с пониманием и терпеливо делилась знаниями, если видела, что человек по-настоящему заинтересован, ведь когда-то все мы были на их месте, – говорит Почетный железнодорожник.

В 1992 году с должности дежурного по станции Тамара Мицута вышла на заслуженный отдых. За добросовестное отношение к работе и участие в общественной жизни на протяжении 35 лет она получила 111 поощрений и наград, является победителем Социалистического соревнования 1976-1977 годов, удостоена медали «Ветеран труда» и знака ударной пятилетки (1980). В 1983 году отмечена высшей наградой отрасли – знаком «Почетный железнодорожник».

Своего супруга Евгения Мицуту встретила тоже на железной дороге. В счастливом браке они воспитали двоих детей, которые, в свою очередь, подарили им троих внуков.

– У моего внука Кирилла родилась дочь, и он назвал ее в честь меня – Томочкой. Сегодня я окружена заботой своих близких, с благодарностью смотрю на прожитые годы и радуюсь каждому новому дню! – признается железнодорожница.

Тамара Константиновна поздравила коллег с 90-летием родной станции и пожелала здоровья, благополучия и успехов в работе, отметив ценность вклада каждого железнодорожника в развитие стальной магистрали Казахстана.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

Охранника стрелковой команды №29 на станции Оскемен-1 филиала АО «ВЖДО» в Усть-Каменогорске Нурлыбека Жумагожаулы знают многие железнодорожники. Именно он встречает их у входа в служебно-административное здание Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок на своем посту. А еще Нурлыбек стал постоянным исполнителем песен, кюев в концертных программах.

# МУЗЫКА, ИДУЩАЯ ОТ СЕРДЦА

**Ольга УШАКОВА,**
*Усть-Каменогорск*

Улыбчивый, приветливый и талантливый парень сразу вызывает к себе симпатию. Он обожает домбру, гитару, немного играет на пианино. Пока не пишет свою музыку, предпочитает мелодии отечественных композиторов.

– Услышу их по телевизору, по интернету и сам аккорды подбираю, – поделился Нурлыбек. – Исполняю те мелодии, которые находят отклик в моей душе.

Нурлыбек с семи лет сам учился играть на домбре. Наверное, одна из причин особой музыкальности юноши – место его рождения. Курчумский район, откуда он родом, – одно из красивейших мест Восточного Казахстана. Здесь много лесов, водоемов, полей. Раздолье! В 2006 году, когда ему было 18 лет, он занял первое место в районном конкурсе музыкальных исполнителей, а их там было больше двух десятков!

После окончания школы в селе Каратогай Нурлыбек учился в Алматинском колледже на специалиста по информационным системам. Но тут друг посоветовал устроиться охранником на железную дорогу.

– Здесь работаю три года, сутки через трое. Охраняем объект, ведем осмотр документов, чтобы были порядок и безопасность, – говорит Нурлыбек.

Он всегда участвует в торжественных мероприятиях, которые проходят в Восточно-Казахстанском отделении грузовых перевозок. Иногда знакомые приглашают его играть на свадьбах.

– Время покажет, что будет дальше. Хочу получить высшее образование, без него сегодня никуда, – говорит Нурлыбек. – Но и музыку, конечно, не оставляю. Мне 31 год, понимаю, что не стану профессиональным исполнителем. Это мне нужно для души. Приятно дарить людям радость.



*Фото из архива Нурлыбека Жумагожаулы*

# РАБОЧАЯ СЕМЬЯ

Железная дорога славится своими трудовыми династиями, преемственностью поколений, где сын продолжает дело своего отца. Такая рабочая семья есть и в восстановительном поезде Алматы-1. Непочатовы работают в одном подразделении.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Алматы*

Глава семейства Сергей Непочатов работает в восстановительном поезде более двадцати лет машинистом бульдозера, супруга Наталья – проводником с 2002 года.

– Работа у нас такая, требует собранности и дисциплинированности, в нашем деле все бывает: и радости, и огорчения. Но когда работа спорится, тебя одолевает чувство собственной значимости и ответственности за порученное дело, – говорит Сергей Непочатов.

И действительно, в этом подразделении все взаимосвязано, каждый выполняет свои функциональные задачи, причем всегда есть твердое плечо коллеги.

Наталье Сергеевне, проводнику вагона восстановительного поезда, приходится постоянно выезжать с бригадой на тот участок, где произошло то или иное происшествие. И как она сама говорит, она всегда старается не только добросовестно выполнять свои обязанности, решая бытовые задачи, понимая, какой у ее сослуживцев тяжелый труд.

Старший сын Александр выучился в дорожной технической школе в Актобе на машиниста крана и работает весьма профессионально. До этого пришлось ему поработать стропальщиком, трактористом, участвовал в различных сходах, стихийных бедствиях, в аварийно-восстановительных работах на мосту Шарын, на станции Ельтай, Саз, Байсерке. Награжден благодарственным письмом и грамотой по восстановлению пути на участке Таурасы – Сарыозек, отмечен в восстановительных работах на станции Жайляу и Копа, когда железнодорожники смело отражали натиск водной стихии.




– Расслабляться нам никак нельзя, ведь слаженность в действиях у нас считается основным слагаемым успешной работы, – говорит Александр.

Младший сын Сергей тоже машинист крана, причем делает успехи в работе, к вверенной технике братья Непочатовы относятся со всей ответственностью, содержат ее в исправном состоянии и постоянной готовности и действуют согласно инструкции и нормам безопасности.

Стоит также отметить, что у семьи Непочатовых все ассоциируется с железной дорогой: друзья, знакомые, родственники, да и все разговоры только о ней. И видно невооруженным глазом, что эта трудовая семья, как единая команда. Каждый ответственно подходит к своим обязанностям, потому и нарушений техники безопасности, технологической и производственной дисциплины здесь нет, и работа спорится. Их называют «спасателями» железной дороги. И вполне справедливо.

*Фото автора*

КӘСІПОДАҚ

# ҮШ БАҒЫТТЫ ҚАМТИДЫ

Жуырда өткен теміржол тораптары кәсіподақ ұйымдарының атқарушы комитеті отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы «Конструктивті қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы талқыланды.

**Ұлан ОРАЗ**

Сонымен қатар, онда Қазақстан теміржолындағы «Қазпрофтранс» КБ «Астана» торабының төрағасы Серік Сәрсекеев филиалдың биыл жыл басынан бергі атқарған жұмыстары туралы баяндады. Күн тәртібінде қаралған бірінші мәселе аталған жолдауды талқылау болса, екінші тақырып «Vision Zero» нөлдік жарақат алушылық тұжырымдамасы, үшіншісі, ұлттық компанияның теміржолшылар балалары үшін жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру жұмыстары бойынша қорытындысы туралы болды.

Кәсіподақ төрағасы «Vision Zero» нөлдік жарақат алушылық тұжырымдамасына қосылу туралы меморандумға Қазақстанның биыл маусым айында қол қойғанын жеткізді. Кәсіподақтар үшін аталған меморандумға қол қою өте маңызды оқиға болып табылады. Бұл еңбек қауіпсіздігін ұйымдастыруға бағытталған жаңа тәсіл, ол үш бағыттан тұрады – қауіпсіздік, еңбек гигиенасы және өндірістің барлық деңгейіндегі жұмысшылардың әл-ауқаты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған ұлттық компанияның Ұжымдық шартына сәйкес Кәсіподақ балалардың жазғы демалысын ұйымдастырады.

– Биыл 15-20 шілде аралығында «Астана» темір жол торабы кәсіпорындары жұмысшыларының 100 баласы, соның ішінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ, Астана жол дистанциясы, белгі беру және байланыс дистанциясы, электрмен жабдықтау дистанциясы және басқа мекемелердің балалары өз каникулдарын Нұр-Сұлтан қаласынан 120 шақырымдағы «Nomads Camp» ұлттық лагерінде өткізді. Оған негізінен көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар іріктелді, – деді С.Сәрсекеев.

Ал жалпы, биылғы жылы барлығы 7500 бала «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның әлеуметтік саясат бағдарламасына сәйкес жазғы демалыстарында үш ауысымда сауықтыру орталықтарында болған.

2019 – ЖАСТАР ЖЫЛЫ

# МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ – МЕНІҢ БОЛАШАҒЫМ

Жақында «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ Жамбыл жол бөлімшесіне қарасты ТЧЭ-31 локомотив депосының нұсқаушы-машинисі Мейірхан Орысбай, тепловоз машинисі Асыл Амантаев, электровоз машинисінің көмекшісі Асылхан Нұрманбетов Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінде қонақта болды.



**Әсел ЖАЙНАҚОВА,**
*Тараз*

«Жас зерттеуші» студенттік ғылыми ұйымының «Жас теміржолшы» секциясының жетекшісі Ж.Мәлсұлының ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстел отырысы «Менің мамандығым – менің болашағым» тақырыбына арналды. Шара барысында қонақтар студенттерге өз жұмыстарының қиындықтары мен қызықтары туралы әңгімелеп, болашақ теміржолшылардың сауалдарына жан-жақты жауап берді.

«Негізінен бұл мамандық көбіне атадан балаға мұра болып қалып жатады. Яғни, теміржолшы әкенің балаларының ішінен біреуі әкенің ісін жалғастыратынын талай көрдік. Мұндай жағдай осында отырғандар арасында да бар екені күмән тудырмайды. Бұл кәсіпті сонысымен құнды, киелі дер едім. Елімізде кәсіби еңбек өтілі бірнеше жүздеген жылдарға жететін әулеттер баршылық», – дейді Мейірхан Орысбайтегі.

Асыл Амантаевтың айтуынша, теміржол саласына тосыннан «адасып» келетіндер сирек. «Өйткені, бұл саланың қыр-сырын өздерің сияқты оқу орнынан бастап меңгеру керек. Біздің мамандықты сырттан келіп бірден үйреніп кетемін деу – бос әурешілік», – деді ол.

Ал Асылхан Нұрманбетов сан салалы теміржолшы мамандығын таңдап, қызмет етіп жүргендер – өз еліне, Отанына адал қызмет етіп жүргендер деді. «Теміржол – экономиканың күретамыры немесе драйвері деген мағынадағы сөзді Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев та айтқан. Бұл бекер емес. Осы сала арқылы ел бюджетіне миллиондап пайда түсуде. Сондықтан да біз өз кәсібімізді мақтан тұтуға тиіспіз», – деді электровоз машинисінің көмекшісі.

Болашақ теміржолшылар жиыннан үлкен әсер алғандарын, көкейлеріндегі көп сауалға жауап тапқандарын жасырмай, аға буынға алғыстарын жеткізді.

*Суретті түсірген автор*

ШАРУАҢ ҚАЛАЙ, ШАҒЫН БЕКЕТ?

# МІНДЕТІНЕ АДАЛ МҰҚЫРЛЫҚТАР

Атырау теміржолына қарасты Мұқыр станциясы – 80 жылдан бері халыққа қызмет етіп келе жатқан байырғы бекеттің бірі. Қазіргі уақытта 4-ші класқа жататын шағын станция арқылы тәулігіне 6 жұп жолаушылар пойызы, Тальго жүрдек пойызы және 20 жұп жүк пойызы өтеді.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*



Станцияда 40 адам жұмыс істейді, оның ішінде қозғалыс саласының мамандарынан бөлек байланыс, электрмен жабдықтау, вагоншылар, т.б. теміржолшылар бар. Бәрінің міндеті станция арқылы өтетін жолаушы және жүк пойыздарының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету болғандықтан бір қолдың саласындай ұйымшылдықпен жұмыс жасап, Мұқырдың атына кір келтірмей өз жұмыстарын абыроймен атқарып отыр.

Станция бастығы Боран Өтеулиевтің айтуынша, өңірде соңғы жылдары темір жолдар жаңартылып, ағаш шпалдар темірбетонды түрге ауысуда. Станциялық негізгі жолдар бетон шпалдармен жабдықталған, ал қосымша жолдарда бұрынғыша ағаш шпалдар. Негізгі жол үшеу және 4 кірме жол бар. Ағымдағы жөндеу нәтижесінде пойыз жүрудің станциялық жылдамдығы 100-120 сағат/шақырымға жеткен. Тальго жүрдек пойызы сағатына 130 жылдамдықпен жүреді.

Мұқырдың вокзалы 150 орынға шақталған, ішінде станция бастығы мен кезекшісі бөлмесі, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты электронды билет кассасы бар. Вокзалға 2014 жылы күрделі жөндеу жүргізіліп, қызметкерлердің жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасалған. Бұрын жолаушылар пойызы станцияда үш-ақ минут аялдайтын. Кейін басшылық тарапынан тиісті шара алынып, пойыздың станцияда тұру уақыты 3 минуттан 5 минутқа ұзартылғаны халық үшін тиімді болды. Себебі, Мұқырда бүгінде 5 мыңның үстінде тұрғын бар. Олардың дені пойызды пайдаланады. Станция бастығының айтуынша, Атырау-Ақтөбе бағытындағы пойызға демалыс және мейрам күндері жалпы вагон қосу, Атыраудан Сағызға дейін аймақішілік жаңа рейс шығару да сөз болып жатыр екен.

Ауылдық жер болғасын малсыз болмайды, өріске шығып, қайтатыны белгілі. Соған орай мал басу келеңсіз жағдайы болмас үшін станция жолдарының жиегіне мал өткізбейтін қоршау салыныпты. Өткен он айда станцияда жазатайым оқиға не жарақат алу, қауіпсіздік ережесін бұзу болмаған.

*Суретті түсірген автор*

КӘСІБІ – НӘСІБІ



